

# Несие алып, шаруасын дөңгелетуде



Сансызбай Тастыбаев және ауыл әкімінің көмекшісі Б.Ибраев

Марат Құспековтің Тай ауылындағы көмекшісі Болат Ибраев бізді мемлекеттен несие алып, шаруасын дөңгелетіп отырған Талдықамыс ауылының азаматы, «Дархан» шаруа қожалығының басшысы Сансызбай Тастыбаевтың шаруашылығына бастады.

Шеткерірек тұрған еңселі үйде тұратын С.Тастыбаев бізді өзі қарсы алды. Ауласы жинақы екен. Үйіне қарсы бетте қора орналасқан.

- Біз 4 ағайындымыз. Телеген, мен, Аманкелді және Рүстем деген інім бар. Бұдан он жыл бұрын ағайындылар жиналып өзара кеңестік. Бәріміздің балашағамыз бар. Тапқан табысымыз күн көрісімізден артылмайды. Тығырықтан шығатын жолды іздестірдік. Ойласа келе, мен шаруа қожалығын ашуды ұйғардым. Өзімде 30 шақты сиыр бар еді. Жер алып, субсидияға 60 бас мал

және бір асыл тұқымды бұқа сатып алдым. 60 бастың 30-ы - аналық. Несиені екі жылдың ішінде жауып тастадым. Шаруашылығымды кеңейткеннің нәтижесінде бүгінде қой саны 160-қа, жылқы саны 50-ге жетті. Нарық заңының бұлжымас заңы бар. Кейде сиыр етіне сұраныс аз түседі де, керісінше, қой еті өтімді келеді. Сондай сәтте біз қой етін көптеп саудаға шығарамыз. Өтімді тауарды зерттеп, бақылауда ұстамасаң, шаруашылығың кері кетуі мүмкін. Мал қарасы өскен соң, ағайындармен бірігіп базды кеңейтіп жатырмыз. Келесі жылы лизингке трактор сатып алуды ойластырудамыз. Кепілге қою үшін 100 бас ірі қара мал болуы керек деген соң, биылғы бағдарламаға ілікпедім,-деп ағынан жарылды Сансызбай шаруа.

Шаруа иесі - 3 ұлдың өкесі. Тұңғышы Дархан өз білімімен Павлодар қала-

сындағы С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университетке грантқа түсіпті. Екінші ұлы Диас Павлодардағы Еуразия инновациялық университетінің колледжінде оқиды. Болашақ заңгер. Кенжесі Ислам 5 жаста. Келіншегі Зияданың мамандығы еселші. Ол шаруаның бір жағынан шығысып, бақшаны баптап, сиырын сауып, үйдегі тірлікті тап-

тұйнақтай етіп отыр.

Сансызбай Тастыбаев малға ғана иек артпай, қолы қалт еткенде балық аулаумен де айналысады.

- Ана бір жылдары өзен-көл тартылып, құдықтағы судың да деңгейі төмендеп кетті. Көктемгі су тасқынынан кейін көлдерде балықтар пайда болды. Балық аулау - сүйікті кәсібім,-деді ақжарқын кейіпте.

Сонымен бірге, ол шаруаның аяғына тұсау салып отырған өзекті мәселенің де шетін шығарды: «Ауылдағы қазіргі басты мәселе - мал жүнін ұқсату. Тұрғындар жүнді ешқайда өткізе алмайды және оны ұқсататын орын да табылмай тұр. Ауылда теріні және жүнді өңдейтін кішігірім зауыт ашылса жақсы болар еді».

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Талдықамыста 7 отбасы тұрады. Сансызбай Тастыбаев ауылдастарымен өте тату екендігін де жасырмады. Айт мерекелерінде, басқа да шараларда ауылдастары, атап айтсақ: Насыровтар, Забкеновтер, Құлмағанбетовтер, Бекішевтер, Иманқұловтар және Рахимбаевтар отбасы бір-бірінің үйіне барып, қайғыда да, қуанышта да ортақтасады екен.

Еліміздің мәртебесін асқақтатып, мерейін тасытатын да шалғайдағы ауылдардың осындай қарапайым жандары ғой. «Ауылдың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі» деп айтатынымыз да сондықтан шығар, сіре!



С.Тастыбаевтың екінші ұлы Диас